МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

●№42 (10 193) ●27 қазан ● жұма ●2023 жыл ●aksuoniri@mail.ru

25 қазан – Ұлттық рухты көтеретін мереке

БІР ҒАНА КҮН - ҚАНША ЖАҢҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАН КҮН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан 25 қазан жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихы қадамының символы болуы тиіс», - деді. Иә, бұл күн біз үшін құнды. Елдік еркіндік, азаматтық азаттық, ұлттық ұлағат осы күнмен астарласып жатыр. Ендеше, біз неге бұл күнді ұлттық өрлік пен азаттықтың ақшамы демейміз. Президентіміз осы күні барлық игі шаралар атқарылуы керектігін де атап айтқан.

есімі ауданның Құрмет кітабына енгізілгені туралы куәліктерін берсе, аудан мақтаныштары болған бірнеше азаматтар мен азаматшаларға облыс әкімінің және ауылындағы фельдшерлік амбулаториялық пункттің ашылу салтанаты өтті. Осы екі шара барысында байқағанымыз ауыл тұрғындарының қуанышы болды.

Ертеңінде аудан орталығындағы Ту алаңында мемлекеттік Гимніміз шырқалып, мемлекеттік туымыз көтерілді. Бұл күнгі басты қуаныш аудан орталығындағы 50 пәтерлі үйдің кілті табысталуы. Айтып тұрғанымыздай бір күнде елу адам баспаналы болып қуаныштарымен бөлісті. Б.Сырттанов, Н.Есеболатов ауылдарының әкімшілік ғимараты да осы күні пайдалануға берілді.

Міне, осы мерекеге байланысты екі күнде қаншама

Осы мерекеге орай «Қобызшы Молықбай» атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. Шара барысында көрсетілген алғашқы бейне роликтің өзі осы күннің құндылығын ашып тастады.

Алғашқы құттықтау сөзді алған аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы аудан халқын мерекемен құттықтап, аудандық мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлымен бірлесе бірқатар азаматарға «Ақсу ауданының Құрметті азаматы» атағы мен бірқатар азаматтардың өзінің атынан мақтау қағаздарын тапсырды.

Мерекелік шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Мерекеге байланысты игі істер осымен тоқтап қалмады. Ақсу ауылында өрт сөндіру бекеті мен ауыл тұрғындарының басты қуанышы, көптен бері көтеріліп жүрген бірден – бір мәселе ауылдың мәдениет үйінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ол туралы жеке айтатын боламыз. Түстен кейін Алтынарық игі шаралар атқарылды. Қаншама адам қуанды. Әсіресе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастырған «Жанашыр жүрек» акциясы бойынша қаншама мүмкіндіктері шектеулі балалардың қуанғанғанын көру басқаларынан да керемет әсер қалдырды.

Осындай игі шаралар ауданымызда жиі болып, аудан халқының қуанғанын көрсете берсін.

Ербол СЫМХАНОВ.

ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ МЕРЕКЕСІ

25 қазан - Республика күні – еліміздің басты және жалғыз ұлттық мерекесі. 1990 жылы 25 қазан күні ҚазКСР жоғарғы кеңесінің қаулысымен Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл декларацияның қабылдануы еліміздің тәуелсіздігін алуға деген үлкен қадамдардың бірі болып есептеледі. 5 жылдан кейін, яғни 1995 жылы 18 қазанда ҚР Президенті Жарлығымен 25-қазан Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі - Республика күні болып жарияланды.

Сондықтан, елімізде Республика күні ұлттық мереке болып белгілену жайдан жай емес, ол дегеніміз еліміздің құрылуындағы ең маңызды күн екенің белгісі. Ұлттық мереке еліміздің жастарының Отанға деген патриоттық сезімін оятып, өз тарихымызды, еліміздің қазіргі тәуелсіз, егеменді ел қатарына қосылудағы өткен талай қиындықтарын еске түсіріп тұрады деген ойдамыз.

Қазақ елі бұл күнге онайлықпен жеткен жоқ, оны біз тарихтан жақсы білеміз және ол туралы келер ұрпақ ұмытпаса екен. Осы қан мен тердің көмегімен келген егемендігімізді сақтап қалу және елімізді көркейту болашақ ұрпақтың қолында. Барша Қазақ елін осы Ұлттық меркемізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіз бен біз болып, еліміздің көркейуіне, егемендігіміздің берік болуына ат салысып, болашақ ұрпаққа өнеге бола білейік.

Сіздерді, Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы – тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз. Еліміздің жалынды жастары бастарын бәйгеге тігіп, бодандық құсауынан шығуға ұмытылған қыршын ерліктері бүгінгі Тәуелсіз Еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні Сізге, игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс тілеймін.

Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларың сәтті болсын. Еліміздің мәртебесі биіктеп, әлемге шарықтай беруіне деген ыстық ықыласымды жеткіземін. Дәулеті, жеріміздің сәулеті жолындағы істеріңіз табысты болсын!

Бұл күн – ата бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі өркейе берсін. Сіздерге, мықты денсаулық отбасыларыңызға бақыт, сәтті күндер, зор жетістіктер тілеймін.

Айдын Болатұлы ТӨРЕБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департаментінің бастығы, аға әділет кеңесшісі.



Қыстың қамын жазда ойла

Алдағы 2023-2024 жж. жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды-тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады.

Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын-ала жаз-күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ, АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨҢІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

АУДАННЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 65750

25 ҚАЗАН - РЕСПУБЛИКА КҮНІ!

ОРЫНДАЛҒАН СҰРАНЫСЫ БІР АУЫЛДЫҢ ҚУАНЫШЫ

Республика күні мерекесі Ақсу ауданы тұрғындары үшін қуанышы мол, есте қалар ерекшелігімен басталды. Әсіресе Ақсу ауылының тұрғындары қатты қуанды. Себебі, көптен күткен армандары орындалған күн болды.

Елді мекен тұрғындарының қуанғандығы соншалықты ауылға кіре беріс маңдайшадан ақ самайлы ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелер дастархан жайып, қошаметпен құрметті қонақтарды қарсы алды.

Алдымен ауылдағы жаңадан салынып жатқан әкімшілік ғимаратының жанынан ашылған өрт сөндіру бекетінің ашылу салтанаты болды.

Ауылдың басты жаңалығы мәдениет үйінің лентасының қиылуы болды. Иә, Елдің рухани дамуы мен кемелденуі үшін ең маңыздысы мәдениет саласы екені мәлім. Құлақтан кіріп бойды алар тәтті ән мен күмбірлеген күй, әуезді әуенмен үйлесім тапқан ырғақты би, рухани байлық сыйлайтын ол әрине мәдени ошақ.

Аудан өнерпаздары мәдениет үйінің ашылғаны туралы жар салып, тұрғындарды қуантып, мерекені арнау өлеңдерімен басталды. Ашылу салтанатына арнайы келген аудан әкімінің әлеуметтік салаға жауапты орынбасары Күләйхан Дәулетбекова елді - мекен тұрғындары алдында сөз сөйлеп, барша қауымды ұлттық мерекемен құттықтады. Күләйхан Тұрсынбекқызы талай жылдан бері ауылдың көкейінде жүрген ең күрделі мәселе шешімін тауып, ауыл тұрғындары қуанып жатқандығын жеткізді. Жаңадан іске қосылып отырған еңселі де зәулім мәдениет үйі жас ұрпақтың саналы тәрбие, сапалы білім алатын мәдени ошаққа айналуына тілектестігін білдіріп, аузы дуалы ауыл ақсақалы Темірғали Абдуалиев батасын беріп, лентасы қиылды.

Заман талабына сай бой көтеріп, қазынадан қомақты қаражат бөлінген ғимаратта домбыра үйірмесі, кітапхана, қолөнер үйірмесі, би үйірмелері орналасқан. Онда жас буынның кітап оқып, би өнерін үйренулеріне қажетті мүмкіндіктер жасалған.

Жаңа сахнада аудан өнерпаздары ән - жырдан шашу шашты.

Ербол СЫМХАНОВ.

Республика күні 25 қазан

ЕГЕМЕНДІКТІҢ БАСТАУЫ РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қадірлі ақсулықтар!
Құрметті партияластар!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі күн - Ұлы күн, ғаламат күн,
Арайлап атқан күні
таңы азаттың.
Ұлттық тойды тойлайық
қуанышпен,
Бізбен бірге қуанып
дала жатсын.
Кең байтақ жер аманат
бабалардан –
Оны қоғау парызы әр
азаматтың.
Мерекемен баршаңды
құттықтаймын,
Атынан партиямыз
«AMANAT» - тың.

Қазақ тіліндегі «аманат» сөзінің мағынасы өте терең. Бұл тұтастай бір ұғым. Оның артында тұтастай бір халықтың дүниетанымы жатыр. Біздің ең үлкен басымдық беретін бағыт халықтың мұң - мұқтажы, халықтың арман - тілегі, халықтың әл – ауқаты. Жаңа құрылған партия осындай ауыр жүкті арқалап, халықтың жағдайын ойлайтын ерекше саяси құрылым. Ауданымызда атқарылып жатқан, алдағы уақытта атқарылатын күрделі мәселелер партиямыздың сайлауалды бағдарламасы мен саяси тұжырымдамасына енгізілген.

«AMANAT» партиясының мемлекет алдында да, халық алдында да жауапкершілігі жоғары. Сондықтан біздегі үлкен мәселе – халқымыздың сенімін ақтау. Ал сенімді ақтау – үлкен аманат.

Мереке құтты болсын ақсулықтар!

Серікхан ЖАҚЫПОВ,
«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы.

АЛТЫНАРЫҚТА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

Денсаулық сақтау жүйесі қоғамның әлеуметтік өмірінің ең маңызды саласы болып табылады. Осы орайда ұлттық мереке Республика күнінің қарсаңында І.Жансүгіров ауылдық округіне қарасты Алтынарық ауылында медициналық пункт ашылды. Алғашқы болып сөз алған аудан әкімінің орынбасары Күләйхан Дәулетбекова еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған әр Жолдауында әлеуметтік салаға басымдық беріп отырғанын, оның ішінде денсаулық сақтау да қамтылатынын, Ойтоған, Молалы ауылдарында медициналық пунктер ашылып, халық игілігіне берілгенін, осы нысан да сол сияқты ел игілігі үшін қызмет етсін, келешекте дені сау ұрпақ көбейсін деп тілектестігін білдірді. Ал, ауыл әжесі Рабиға Жұмасілқызы құрылыс жүргізіп, елді - мекен тұрғындарына қолайлы жағдай туғызып отырған аудан басшылығына ауыл тұрғындарының атынан алғысын жеткізді. Ауданның бас дәрігері Байқадам Құрымбай былтырғы жылы Сағабүйен ауылында медициналық нысан қолданысқа

берілгендігін, биылғы жылға жоспар бойынша Молалы, Ойтоған, Кеңқарын елді мекендерінде де медициналық пункт берілетіндігін ортаға салды. Қазіргі таңда медициналық нысанда 3 денсаулық сақтау сақшысы қызмет етсе, келешекте штат саны артатынын да мәлімдеді. Ауыл тұрғыны, абыз ақсақал Жетпісбай ата бата беріп, аудан әкімінің орынбасары Күләйхан Дәулетбекова мен ауданның бас дәрігері Байқадам Құрымбай жаңа нысанның салтанатты түрде лентасын қиды. Іс-шара барысында өнерпаздар Еламан Жұмагелдин «Қазақстаным», Ілияс Төлеубек «Мен қазақпын» әндерін әуелете шырқап, мереке шырайын аша түсті.

Барлық қажетті құрал-жабдықпен қамтылып, алматылық «Тумас» фирмасы құрылысын жүргізген жаңа ғимарат халыққа тиімді медициналық көмек көрсететіні анық. Бас ауырып, балтыр сыздаса аудан орталығына сабылмай-ақ, жергілікті жерден медициналық көмек ала алатындығы тұрғындардың жүзіне қуаныш ұялатты. Енді олар кез келген мәселе бойынша жергілікті медпункт қызметкерлеріне жолығып, тиісті ем-дом алатындықтары жиналған жұрттың көңілінен шықты.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ!

Осыдан 28 жыл бұрын, 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылған болатын. 2008 жылы 19 қазан заңды түрде Қазақстан Республикасының мереке күндеріне құтқарушылар күні тіркелді. Содан бері бұл күн азаматтық қорғаныс пен өртке қарсы күрес мамандарының төл мерекесі ретінде аталып өтеді.

Құтқарушылардың жұмысы өте күрделі, көп қырлы және теориялық білім базасы мен әр нақты жағдайда жақсы танымал тәжірибелік әрекеттерді білуден тұратын кәсіби деңгейдің жоғары дәрежесін талап етеді. Сонымен қатар, бұл жұмыс аса қауіпті. Себебі ол кәсіби борышын өтегенде өліммен бетпе-бет қалатын сәттері көп болады. Көптеген құтқарушылардың зардап шеккен басқа адамдардың өмірін құтқару үшін өз өмірлерін де қиюға дейін баратынын ұмытпауымыз керек.

Адамның қауіпсіздігі – құтқарушының басты ұстанымы. Ал, оның айналасындағы қауіпсіз ортаны құру мен оны ұстауға, адамның төтенше жағдайдан шығуына өз өмірлерін арнаған батыл адамдар – құтқарушылар. Олардың күшті бірлігі апатпен күресте жан аямай бірге жұмыла қимылдаған кезде көрінеді.

Осыған орай, кәсіби мейрам күні аудан әкімінің орынбасары Есжанов Ғазиз Отарбайұлы аудандық төтенше жағдайлар бөліміне арнайы барып, осы бөлімнің және өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, аудан әкімінің атынан Құттықтау хат және бағалы сыйлық тапсырып, жауапкершілігі зор жұмыстарында табыс тілеп, әрқашан отбасыларына аман-есен оралуларына тілек білдірді.

Б.ТЕКТІБАЕВ,
аудан әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс жөніндегі бас инспекторы.

Мереке жаңалықтары

Аудан орталығындағы Ту алаңында мемлекеттік Гимн шырқалып, Ту көтерілді.

5 қабатты, 50 пәтерлі тұрғын үйдің кілті табысталды.

Мерекеге орай ауданымызда марафон өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды.

25 қазан - Республика күніне орай "Таза ауыл" акциясы бойынша үлкен сенбілік ұйымдастырылды.

Аталған жаңалықтар туралы кейін тағы да кеңірек тоқталатын боламыз.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

Талайлар өтті - ау жалғаннан, көрген адам таң қалған

Бүкіл санаулы ғұмырын туған еліне арнап, адал қызмет жасаумен өмірін өткізген мамандығы мал маны болса да ақын жанды ағамыз ***ЫСҚАҚОВ ӘЛІБЕК ДОСЫМБЕКҰЛЫНЫҢ*** бұл фаниден озғанына 1 жыл болыпты.

Иә, «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет» деген даңқты қолбасшы, Батыр Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерін ұстанатын жалынды сөздің иесі Ысқақов Әлібек Досымбекұлы «Медицина адамды, ал, ветеринария адамзатты емдейді»,-дегендей мал маманы болып ауданымызда талай жыл еңбек етті. Негізі осы мамандықты таңдаса да, жас-тайынан кітапқа өте құмар болып өскен Әлібек ағамыз өлең жазып, артына 500–ге жуық мағыналы қара сөздер қалдырыпты. Көп оқығандықтан ағамызды сыныптастары «Пешков» деп атап кеткен екен. Ол М.Горкийдің жанама есімі болатын. Өмірінің соңына дейін кітап, газеттен қол үзбеді. Біздің «Ақсу өңірі» газеті кезінде «Өмір нұры» болып тұрған кезде ағамыз туралы кішкентай мақала шығыпты. Сол газеттің қиындысын сақтап қойған жары Мәрия апамыз сарғайған газет қиындысын да редакциямызға ала келіпті. Ол жерде ағамыз туралы жалынды сөз иесі, әрі мал дәрігері Ысқақов Әлібек Досымбекұлы деп жазылыпты. Мәрия тәтеміз Әлібек ағамыздың қолжазбалары бар қалың дәптерді қолыма ұстатты.

Ағамыздың жазуы бірақ дәрігер болғандықтан ба түсініксіздеу екен.

Бірақ өлеңдерінің көбісі махаббат жайында екен.

Сырлы жүрек сырына,
Ойландым да жол салдым.
Түсінеді мені сол –

Біреуге ғашық болса кім... – деген өлеңінен бастайын. Иә ағамыздың жазуы түсініксіздеу болса да ақын болғандықтан мен түсінуге тырыстым.

Ағамызбен 40 жыл отасқан, ардагер ұстаз Мәрия Алдыоңғарқызы:

– Екеуміз бас қосқан 1982 жылы «Балауса» атты жазбалары болған. Мен Алматыда оқып жүргенде тек өлең жолдарымен хат жазып тұрды. «Үй кітапханасына» деп өзі оқыған кітаптарына қолжазба қалдырып отырды. Олар үйде сақтаулы – дейді.

Ендеше ағамыздың сол қалың дәптердің бірінші бетінен бастап сол ғашықтық хаттарынан бастасам:

Ұнату деген қиын екен,
Шешілмеген түйін екен.
Мәрия – өміріме сүйеу болшы,..
Мен сені өмір бойы сүйіп өтем... – дейді.

Тағы бір өлеңінде:

Мен бақытты – сені сүйіп сезінгем,
Нұрлы шуақ төгіледі көзіңнен.
Сен жоқ болсаң қасымда,
Маңайымда тіршілік тоқтағандай сезінем.
Қайран ғазиз жүректер,
Бірін - бірі аңсаған.
Қандай теңеу табармын,
Мың толғансам мен саған... – дейді.

Ал енді ағамыздың жоғарыда айтқан бес жүзге тарта қара сөздерінен өзіме әсер еткен, ұнағандарын келтіре кетейін. Сөздердің барлығы керемет. Адамға ой салатын оймақтай ойлар. Солардың бірегейі мыналар:

Шын күрескер алдымен өзінің нашар ойларымен күреседі.

Адам үшін ең ұлы қуаныш – сүйікті болу, ал, сүйе білу – одан да зор қуаныш.

Жастық шақ пен орта жасты – Отаныңа бер, кәрілікті өзіңе арна.

Өз достарыңның арасындағы даулардан гөрі, жауларыңның арасындағы дауларға араласқан жақсы. Өйткені біріншісінде достарыңның бірі – жауыңа, ал екіншісінде жауларыңның бірі – досыңа айналатыны сөзсіз.

Тілің ойыңның алдын орап кетпесін.

Өзіңе тең әйел ал, үстем болса оның туыстары сағаң үстемдік етеді.

Беймаза әйел мен үшін асау ат сияқты. Оны бағындыру маған басқа адамдармен қарым - қатынас өнерін үйретеді.т.б. Барлығын айта берсек ағамыздың шығармашылығы туралы газетіміздің толық бір бетін арнауға болады екен.

Сонымен бірге ағамыз сыныптастарымен кездесу ұйымдастырып, бас қосулар мен тойларда арнау өлеңдерді көп айтқан екен.

Солардың бірінде:

Жылдар өтіп, бәрі де өзгереді,
Өткен күнді еске алар кез келеді – деп толғанады. Енді міне өмірден озғанына жыл толғанда ағамыздың өзін осылай еске алып отырғанымыз жанымызға батады.

Әттең өмір солай...

Бұрынғылар «Талайлар өтті-ау жалғаннан, Көрген адам таң қалған» деп тамсанғанда, азаматтықтың айнасындай Әлібек ағамыз тәрізді тұлғаларды еске алған болар.

Иә, асыл ағамыздың «жағасы жоқ, жеңі жоқ» көйлек кигеніне, «есігі жоқ, төрі жоқ» мәңгілік үйіне енгеніне бір жыл болды.

Сүйген жары Мәрия тәтеміз, бала - шағасы, немерелері сағынышпен еске алады.

Ербол СЫМХАНОВ.

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Лауазымы **Т.А.Ә**

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Аксуском районе

В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), Аксуский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима розничного налога в Аксуском районе с 4% на 2% по доходам, полученным (подлежащим получению) за налоговый период.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2025 года и подлежит официальному опубликованию.

Должность **Ф.И.О**

Алтынарық ауылыма арнау

Қаратаудың бөктерінде тамыр жайған ауылым,
Бейбіт өмір еңбек жасап қайнап жатқан ауылым.
Білім алып ұстаздардың қанат берген ауылым,
Балалық шақ бақыт пен бағыт берген ауылым.
Жусан иісі жүрегіме қуат берген ауылым,
Алыс жолдан келген кезде құшақ жайған ауылым.
Үлкендері үлгі болған жастарына ауылым,
Жастарына бағыт беріп, жол көрсеткен ауылым
Жасалатын тойың сенің құтты болсын ауылым.

Айқын РАХИМОВ,
Алтынарық ауылының тумасы.

АУЫЛЫМ – АЛТЫН

Ауылым - алтын бесігім,
Жүрегім - жырым сенікі.
Кеңесті далам, кең далам.
Тудым, өстім, есейдім.

Ең далам, анам, мен балаң,- деп туған жеріміз туралы жырлайтынымыз ақиқат. Менің далам, тұғырым, туған өлкемнің тұнып тұрған көрінісі әсем де сұлу емес пе? Бойында еріксіз мақтаныш сезімін ұялататын туған жерімнің топырағы киелі де қасиетті.

Туған жерге туыңды тік. Республика күніне орай Алтынарық ауылында "Ауыл тойы" өтті. Мереке қарсаңында туған жерден түлеп ұшқан түлектер, ауыл азаматтары өз қаражаттарымен салынған кіре беріс қақпаны пайдалануға берді. Арканың ашылу салтанаты өтті.

"Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын?!"- деп Ахмет Байтұрсынұлы бабамыз айтып кеткендей, елім деп, жерім деп жүрген ұлтжанды азаматтарды құрмет тұтып, есімдерін халқына таныту үшін ұйымдастырылып жатқан іс - шаралар қаншама! Солардың бірі де, бірегейі осы салтанатты шара.

"Көп түкірсе көл" - деген мақалдың шынайы өмірдегі баламасын көрсетіп, ауылдың көркеюі мен гүлденуіне біршама үлес қосып жатқан Алтынарық ауылының тұрғындары татулық пен ауызбіршіліктің шынайы үлгісін барша ауданымызға паш етіп жатыр десек те артық болмас.

"Жаңбырменен жер көгерер",
Батаменен ел көгерер",- демекші тұрған кереметтей Арканың лентасын кеспей тұрып, Қылышбеков Сайлау атамыздан бата алды.

Ауылдың Аркасының лентасын қию құрметі аудандық мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлы, ауыл тұрғындары Әбимұратов Толан және Дәбей Күресбек аға - аталарымызға берілді.

Ауылдың ақ жаулықты әжелері шашу шашты. Тамаша көңіл - күймен кезекті құттықтау сөзді Жансүгіров ауылдық округінің әкімі Мұсабаланов Ілияс Сабитұлы, аудандық мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлы, ауыл ақсақалы Жұмағалиев Бүркіт, ауыл әжесі Әміренова Нүкеш, ауыл азаматтары Мықтыбаев Арман, Қасымханұлы Ерлан, Рахимов Айқын, қол күрестен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Азияның 4 дүркін чемпионы, Әлемнің 2 дүркін күміс жүлдегері Робаев Еділ жылы лебіздерін білдіріп, шығарған өлеңдерін оқып, ауыл тұрғындарын шын жүректен құттықтады.

Арман айдап қалаға келгендері де жасырын емес. Сол арман жетегінде, арман қиялында жүріп ауылыңды бір сәт есіңе алып, барып қайтқың келеді,-дейді қалаға көшіп кеткен ауыл азаматтары.

Жолың түсіп ауылға бара қалсаң көз алдыңда кең дала, төрт түлік малға төсін ашқан жайлау қырлары, көк жасыл желекке бөленген ауыл көрінісі, сарқырап аққан өзен, бұлақ көздері, ашық аспан. Иә, бұл менің тілім жеткенше сипаттап отырған ауыл көрінісі. Менің асыл да қымбатты туып - өскен жерім жер жәннәті - Алтынарық ауылы.

Әрбір азамат туып - өскен жері, мекені туралы жырлағысы да әндеткісі де, мақтан тұтқысы да келеді. «Ауыл» деген сөзді естігенде менің өн бойымды қуаныш кернейді. Ауылдың ауасы таза, суы тұнық, шөбі майса келеді. «Ауыл түбі - бірлік, қауым түбі - тірлік»,-деген мақал айтпаса да түсінікті. Ауыл қандай құдіретті мекен десең-ші.

Ауылға бара қалсаң еш жаман ойы жоқ ауыл тұрғындары, көшеде мәз - мейрам болып күліскен кішкентай ғана

БЕСІГІМ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

бүлдіршіндер, ауылға барып, дәл осы көріністі көріп, демалғанға не жетсін…

Салтанатты шарада жас өнерпаздар концерттік бағдарламалар ұсынып, ұлттық ойындардан қол күрес, еркін күрес, қошқар көтеру, гір тасын көтеру және бәйге ұйымдастырылды.

Сонымен қатар осы іс - шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жүрген Сазанбаева Раушан әпкемізге ерекше алғысын білдіруде ауыл тұрғындары.

Барша атсалысқан, жәрдемдескен, көмектескен азаматтар мен азаматшаларымызға алғысымыз шексіз! Алла разы болсын!

Ләззат
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ,
бас редактор.

Алтынарық ауылы.

АДАЛДЫҚ... ПАРАСАТТЫЛЫҚ... СЕНІМДІЛІК

«Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі Жетісу облысы Ақсу ауданыны ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамытужәне спорт бөлімінің тапсырысы бойынша Ақсу ауданы халқының құқықтық мәдениетін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтарға "нөлдік" төзімділікті қалыптастыру барысында тұрғындарға жоспарланған төменднгі іс - шаралар өткізіледі

Мақсатымыз: қоғамда құқықтық мәдениетті арттыру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқық бұзушылықтарға "нөлдік" төзімділікті қалыптастыру бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу; - азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру, тұрғындарда төртіпсіздіктер мен ұсақ құқық бұзушылықтарға "нөлдік төзімділік" қағидатын қалыптастыру; - халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, азаматтардың құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысуын қамтамасыз ету, азаматтарды құқық бұзушылықтардың жолын кесуге ынталандыру. - халықтың нысаналы топтарын қазақстандық қоғамды дамытудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге белсенді қатысуға ынталандыру. Негізгі іс-шараларға аудандық мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік және азаматтық қызметкерлер тартылады.

Жоба Ақсу аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, Прокуратура, Полиция мамандары тартылады және қоғам қайраткерлері, ардагерлер, қоғамдық кеңес, аналар кеңесі, әкелер кеңесі ҮЕҰ жоғарғы мектеп оқушылары жастар студенттер жұмылдырылады. Жоба бойынша төмендегі іс шаралвр жүзеге асырылады «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты мектеп оқушылары арасында сурет байқауы «Парасатты отбасы» атты сыбайлас жемқорлық тақырыбында аудандық конкурс«Сыбайлас жемқорлық-қоғамға төнген қауіп» атты жастар арасында бейнеролик байқауы, «Адалдық. Парасаттылық. Сенімділік атты оқыту семинары «Жастар жемқорлыққа қарсы!» тақырыбында студенттер арасында плакаттар конкурсы; «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы біргеміз!» тақырыбында интеллектуалды ойын Қосымша Түсіндірмелі жұмыстар аясында кездесулер өткізу және баспаханалық жұмыстар ұйымдастырылады

Жуырда «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі Ақсу ауданының ішкі саясат,мәдениет, тілдерді дамытужәне спорт бөлімінің тапсырысы бойынша Ақсу ауданы халқының құқықтық мәдениетін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтарға "нөлдік" төзімділікті қалыптастыру барысында «Адалдық. Парасаттылық. Сенімділік» атты оқыту семинары өткізілді. Семинардвң негізгі мақсаты- мемлекеттік қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын- алу бағытында нормативтік көмек көрсету

Спикер - Молдабеков Сарқытбек Сарсембайұлы Профессор, заңгер, заң ғылымдарының докторы Жемқордықтың қасіретіне,алдын алудың жолдарына және заңдылықтарына тоқталып, толық мағлұмат берді. Осы орайда кері байланыстар орнатылып, сұраққа жауаптар берілді. Жалпы қатысушылар саны – 50.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕМІЗ

тақырыбындағы интеллектуалды ойын

Жуырда «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі Ақсу ауданының ішкі саясат,мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің тапсырысы бойынша Ақсу ауданы халқының құқықтық мәдениетін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтарға "нөлдік" төзімділікті қалыптастыру бойынша Ақсу ауданы халқының құқықтық мәдениетін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтарға "нөлдік" төзімділікті қалыптастыру барысында Ақсу ауданы халқының құқықтық мәдениетін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтарға "нөлдік" төзімділікті қалыптастыру барысында «Адалдық. Парасаттылық. Сенімділік» атты оқыту семинары өткізілді. Семинардың негізгі мақсаты- мемлекеттік қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын- алу бағытында нормативтік көмек көрсету

Спикер - Молдабеков Сарқытбек Сарсембайұлы Профессор, заңгер, заң ғылымдарының докторы Жемқордықтың қасіретіне,алдын алудың жолдарына және заңдылықтарына тоқталып, толық мағлұмат берді. Осы орайда кері байланыстар орнатылып, сұраққа жауаптар берілді. Жалпы қатысушылар саны – 50.

ТЕРРОРИЗМ МЕН ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

«Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі Жетісу облысы Ақсу ауданыны ішкі саясат,мәдениет, тілдерді дамытужәне спорт бөлімінің тапсырысы бойынша Ақсу ауданында Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру шеңберінде діни экстремизм мен терроризмнің салдарын түсіндіру жөніндегі іс - шараларды өткізу жөніндегі қызметтер келесідей ұйымдастырылады «Қазіргі дәстүрлі емес діни қозғалыстар мен бірлестіктер», «Дәстүрлі ислам: ерекшеліктері мен зардаптары», «Адастырушы діни ағымдар», «Діни экстремиз мен терроризмнің таралу себептері» кездесулер мен дөңгелек үстел өтілді, «Мектеп оқушылары арасында Терроризм мен діни экстремизмге жол жоқ!», Мектеп оқушылары арасында «Терроризм мен діни экстремизмге жол жоқ!» сурет байқауы, «Біз діни экстремизмге қарсымыз!» тақырыбында бейнеролик байқауы, «Діни сауатсыздық – діни экстремизмнің бастауы» тақырыбында семинар өтті. Жоғарыда көрсетілген іс шаралар Ақсу ауданының елді мекендеріне өткізу шарасы жоспарланған.

Мақсатымыз - тұрғындарға жат ағымның қасіреттерінен мағлұмат беру Дін дәрістерін абайлап тыңдау адасып қалмау барысындағы алдын алу жұмыстарын жүргізу. Қатыстырылатын адамдар тұрғындар, оқушылар. Дәріс берушілер теология мамандары.

төзімділікті қалыптастыру барысында Ақсу ауданы, Ойтоған ауылында Қуат Терібаев орта мектебінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы біргеміз» тақырыбында интелектуалды ойын жаңа Каррелл Поппер форматында пікір сайыс өткізілді. Ойынға ауданның 6 мектебінің командалары қатысты. Ойын үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең өздерін таныстыру, екінші кезең «Адал Азамат» бейнесін дәріптеу, үшінші кезең Каррелл Поппер жаңа форматта пікірсайыс өткізді Ойынның негізгі мақсаты-жастар арасында парасаттылық, адалдық, адамгершілік құндылықтарын насихаттау. Ойында жастар қызығушылық танытып, кері байланыста пікірлерін білдіріп, қызықты ойын болғанын, білгендері көп болғанын,жаңа достармен танысып, тәжірибе жинақтағанымен бөлісті. Нәтижнсінде бірінші, екінші үшінші орындар жеңімпаздары анықталып, олар дипломдармен марапатталып,бағалы сыйлықтар табысталды

Бақыт ҚАЛИЕВА,
«Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірдестігінің төрағасы.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квазимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық

тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

А.САМОЙЛЕНКО,
Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Басқармаға бастығының орынбасары, аға әділет кеңесшісі.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде,

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді(конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғанан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 2023 жылдың 29 қарашадан 20 желтоқсанға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінім дерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2023 жылдың 20 желтоқсан 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2023 жылдың 21 желтоқсан10 сағат 00 минутта мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсыныста, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және " 2023 жылғы желтоқсаның "21 " дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Қызылағаш ауылдық округі	6,3750	Тәлім егістік	Қара-сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30%	23,9	Қажет емес	Мамандандырылған
2	Қызылағаш ауылдық округі	6,3750	Тәлім егістік	Қара-сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30%	23,9	Қажет емес	Мамандандырылған
3	Қызылағаш ауылдық округі	6,3750	Тәлім егістік	Шалғынды-сұр топырақты женіл сазды шалғынды-сұр топырақты әлсіз сортаң құмды 10-30 %	23,9	Қажет емес	Мамандандырылған
4	Қызылағаш ауылдық округі	6,3750	Тәлім егістік	Шалғынды-сұр топырақты женіл сазды шалғынды-сұр топырақты әлсіз сортаң құмды 10-30 %	23,9	Қажет емес	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОНО ПРОИЗВОДСТВА

Аксуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аксуского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 29 ноября по 20 декабря 2023 года. по адресу: (Жетисуская область, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан, 5,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 20 декабря 2023 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 21 декабря 2023 года в 10 часов 00 минут (Жетисуская область, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан 5,) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "21" декабря 2023 года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районное управление земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная спелиализация региона
1	Кызылагашский сельский округ	6,3750	Богарное пашня	Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные	23,9	Не требуется	Специализированный
2	Кызылагашский сельский округ	6,3750	Богарное пашня	Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные	23,9	Не требуется	Специализированный
3	Кызылагашский сельский округ	6,3750	Богарное пашня	Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные	23,9	Не требуется	Специализированный
4	Кызылагашский сельский округ	6,3750	Богарное пашня	Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные	23,9	Не требуется	Специализированный

ЕСКЕРТУ: Газетіміздің №37 (10 188) 22 қыркүйек 2023 жылғы санында жарияланған Б.Сырттанов ауылдық округі бойынша шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарламадағы №3, №11, №15 лоттар жарамсыз болып танылады.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлкеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram - бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру –соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭҮ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы, аға әділет кеңесшісі.

●*24 ҚАЗАН - КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ!*

КІТАПХАНАШЫ – КИЕЛІ МАМАНДЫҚ

«Кітап – алтын қазына» десек, кітапхана іші қазынаға толы алтын сандық іспеттес. Тағылымы мол тәрбие ошағы саналатын кітапхананың алар орны орасан зор. Өкініштісі, интернет дамыған заманда кітапхананың оқырман саны азайып, соның көлеңкесінде қалып бара жатқандай.

Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбаев «Мен кітапханаларды білім, адамгершілік, парасат ордасы деп білемін, ал кітапханашыларды сол ешқашан жоғалмауға тиісті асыл қазынаның сақшылары деп санаймын» дейді.

Иә, қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі мол.

Оқырман мен кітапты байланыстыратын алтын көпір – кітапхана дейтін болсақ, кітапханашылар бүгінгі заман ағымына ілесе отырып, оқырмандардың сұранысы мен талаптарына сай барынша толыққанды ақпараттармен қанағаттандырып, оқырмандардың оқуына қажетті жағдай жасап, келешек жас ұрпақтың өз Отанын, туған жерін шексіз сүйетін, елінің гүлденуіне мен өркендеуіне үлес қосатын білімді, парасатты, жан – жақты дамыған, тілі мен дінін, салт-дәстүрлерін қадірлейтін, оқырмандардың тұлға болып қалыптасуына, рухани дамуына өз үлестерін қосуда.

Адамға білім азығын беріп қана қоймай, ішкі мәдениетін байытады. Этикалық қабілетті арттыруға қауқарлы. Жан сарайыңды ашып, үнсіздікте кітап оқу арқылы айналаңызда отырған жандарды сыйлауға жетелейді. Кітапты парақтап оқығанға ештеңе жетпейді. Қолыңа кітапты алып қарағаныңның өзінде көзбен есте сақтауды арттырады.

Кітапханамызда атаулы күндер мен белгілі ақын – жазушылардың мерейтойларына арналып инновациялық – көпшілік іс шаралар, тақырыптық көрмелер, танымдық сағаттар, әдеби вернисаж, шок-урок, әдеби кештер, кездесу кештер, әдеби – музыкалық композиция, жыл сайын жолданатын мемлекет басшысының Жолдауын насихаттау жұмыстары өткізіліп тұрады.

Жаңашылдыққа жаны құмартып тұрған кітапханаға келушілерді көргенде жаның жылиды. Кітап – білім бұлағы екенін ұмытпайық. Ол арқылы керек ақпаратты алып қана қоймай, өскелең ұрпаққа насихаттаймыз. Насихат үйден бастау алады. Ата - ана кітап оқыса, өсіп келе жатқан ұл - қыздары да қолына кітапты алары сөзсіз.

Бақытгүл МАМБЕТОВА,
Суықсай ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Азаматтар жанашыр жүрегі – жан жағына қарасып жүреді

25 қазан - Республика күніне орай мереке қарсаңында азаматтардың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында «Жанашыр жүрек» акциясы ұйымдастырылған. Осы акцияға байланысты Жансүгіров ауылының «Асылым» сауда орталығының иесі Атханов Олжас, кәсіпкер Нұрпеисов Қайрат және Қарашілік ауылының имамы Оразбек Әбдіқалық үйде қызмет алатын мүгедек балаларға және мүгедектігі бар адамдарға азық - түлік себетін берді. Атханов Олжас өз бетімен жүріп - тұра алмайтын мүгедек балалардың үйлерін аралап, сыйлықтарын өз қолымен апарып табыстады. Осындай қамқорлық жасаған азаматтарға балалардың ата - аналары үлкен алғыстарын жеткізеді.

М.ОМАРОВА,
ЖҚЖӘББ бөлімше меңгерушісі.

КҮРЕНОВ НАУРЫЗБАЙ АҒАМЫЗ ЖЕТПІСТЕ!

Республика күні 25 қазан

Спорттың майталманы,
кемеңгері,
Шығарған талай спорт
шеберлерді,
Өмірі спортпенен егіз болған,
Жыр жаздым жетпіске ағам
кегенде енді.

Жасынан боз кілемнің
шаңын қаққан,
Дүбірлі жарыстарда
жүлде таққан.
Бапкер боп, жаттықтырушы,
болып жүріп,
Жастардың Спорттағы
жолын ашқан.

Атағы алты алашқа аспандаған,
Атабаев Талғат ағам
мақтан маған,

Есімі Республикамызға танымал жерлесіміз Наурызбай Күренов ағамыз 70 жастың желкесіне шығып отыр. Ұлттық мерекеміз Республика күніне байланысты шәкіртері де Республикалық жарыстарды бағындырған ұлтымыздың ғана емес еліміздің мақтаныштары болған талай палуандардың ұстазы Наурызбай ағамызды мерекесімен құттықтаймыз.

Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы және Жетісу облысының грек - рим, еркін және әйелдер күрес федерациясының ұйымдастыруымен ел мақтанышы Наурызбай Күренов ағамыздың 70 жылдығына орай 2008 - 2010 жылы туған жасөспірімдер арасында 2023 жылдың 03 - 06 қараша күндері 25 қазан - Республика күніне байланысты Талдықорған қаласы "Өркен" спорт сарайында облыстық ашық турнир өтеді.

Турнирге Жетісу облысының барлық аудандарының командалары және басқа облыстан келген командалар қатыса алады.

Команда құрамы: 15 спортшы, 1 жаттықтырушы, 1 төреші.

Осындай шәкірттерді жетілдіріп,
Үлгі боп келе жатыр
жастарға ағам.

Жаттыққан Наурызбай
мектебінде,
Бірге өткен, күз, қыс, жаз бен
көктемінде.
Жетпіс жылдық мерей той
құтты болсын,
Жасайық тағы жарыс сексенінде.

Суықсайдан шықты талай
палуандар,
Есімін Республика танығандар.
Сексен жас, тоқсан, менен
жүз жасаңыз,
Үлгі алсын әлі талай бағыландар.

Қасиетті Суықсай өлкесінде,
Шыныққан Ащыбұлақ
өр - төсінде.
Баптаған талай спорт
шеберлерін,
Ағамыз жетпіс жастың
желкесінде.

Бауыржан БОЛАТХАНҰЛЫ.
13.10. 2023. ж.

Осы мерекеге орай Наурызбай ағамыздың шәкірті, суретте алдыңғы қатарда отырған кішкентай палуан, қазіргі алдыңғы толқын ағамыз Бауыржан Болатханұлының ұстазына арнаған өлеңін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Бұл жарыста біздің ауданымыздың балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде күрес өнеріне жаттығып жатқан кішкентай палуандарымыз жеңіспен оралады деген сенімдеміз.

Мерекеміз құтты болсын. Жарысқа қатысушыларға сәттілік.

Редакция алқасы.

"АҚСУ ӨҢІРІ"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтауларды мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 1859

Директор - бас редактор - 2-12-90,
жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 2б.т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.